

2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда өндіріс көлемі құндық көріністе 957,5 млрд теңгені құрады, бұл 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен 3,6% жоғары.

Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары көлемін төмендегі тауарлар көрсетті: химия және онымен аралас салалардағы (сусын өндірісі, ауыл шаруашылығы және коммуналдық шаруашылық, құрылыс және т.б.) сұраныс есебінен көміртек диоксиді (+3,4%), хром тотығы (+4,3%), фторлы су қышқылы (+81,6%), стирол полимерлері (+3,4%), бастапқы формалардағы полиуретан (+17,8%), полимерлер негізіндегі бояулар мен лактар (+3,8%), жуғыш заттар (+20%).

Химия өнімі өндірісінде негізгі үлесті органикалық емес заттар – 46%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар – 19%, басқа да химия өнімдері – 7%, бояғыштар және пигменттер – 6%, өнеркәсіптік газ – 5%, бастапқы формалардағы пластмасса – 4%, пестицидтер және басқа да агрохимия – 3% құрайды.

Физикалық көлемі индексі 100,2% құрады.

Өнеркәсіптің аралас салаларында (ТМК, сусын өндірісі, құрылыс және т.б.) сұраныстың артуы өсудің негізгі себебі болды.

Химия өнімінің экспорты құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-қарашада 1 767,7 млн АҚШ долл. құрады, бұл 2022 ж. көрсеткішпен салыстырғанда 14,3% артық. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей (30%), Қытай (20%), Өзбекстан (9,0%).

Химия өнеркәсібі өнімінің импорты 2023 ж. қаңтар-қазанда 4 356,3 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңнен 7,8% артық. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (38%), Қытай (19%), Германия (6%).

Химия өнімі нарығының көлемі 2023 жылғы қаңтар-қарашада 4 480,8 млн АҚШ долл. (2 043,6 млрд теңге) құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 4,9% артық.

Импорттың өсуі (+7,7%) өндіріс (+5,9%) және экспорт (+14,3%) көлемінен асып түскендігін атап өткен жөн. ОТӨ үлесі 2,4 п.п. төмендеді және 2,8% құрады. Импорт өнім үлесі 97,2% құрады.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда төмендегі облыстарда байқалды: Жамбыл (30%), ШҚО (21%), Ақтөбе (8%), Қарағанды (8%), Ақмола (6%).